

Көлік саласы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жоғары білікті маман даярлауға сүбелі үлес қосып жүрген жас педагогтардың бірі – аға оқытушы, техника ғылымдарының магистрі Жаппарбеков Нұрбек Маратұлы.

Нұрбек Маратұлы 2016 жылдан бастап Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Инженерлі-технологиялық институты, «Аграрлық технологиялар» кафедрасында оқытушылық қызмет атқарып келеді.

Педагог 30-дан астам ғылыми-әдістемелік мақаланың авторы.

Жас педагог осы кезге дейін отандық ғалымдармен бірлесіп бірнеше гранттық ғылыми жоба даярлады. Сондай-ақ, бакалавр, магистратура бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнын заман талабына сай жасақтауға үлес қосып келеді.

Айта кетейік, Нұрбек Маратұлының 6B07159 – «Көлік техникасы және технологиялар» білім беру бағдарламасы бойынша кафедра ғалымдарымен бірлесіп жасаған тест тапсырмалар жинағы, оқу-әдістемелік құралы жарық көруде.

Жас ғалым мектеп ұстаздарына әдістемелік көмек көрсетумен қатар оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына да жетекшілік етуде. Сонымен қатар, педагог білім саласында ғана емес, спортта да республикалық, облыстық деңгейде жүлделі орындардың иегері атанған.

Айта кетейік, өмірін білім мен ғылым саласының дамуына арнаған педагогтар туралы жоба алдағы уақытта да жалғасады.